



Бекіткені: *Самал*
Менгеруші: Шалабаева Ж.С.

Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі: 25-29 қараша 2024 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.11	Сейсенбі 26.11	Сәрсенбі 27.11	Бейсенбі 28.11	Жұма 29.11
Балаларды қабылдау.	«Бұл күнтізбе күні» дидактикалық ойыны Мақсаты: апта күндерінің, күзгі айлардың атауын бекіту, күннің күні мен атауын, ауа-райын, күннің бір бөлігін белгілеу «Күй күмбірі» «Сарыарқа»күйі (Біртұтас тәрбие)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-анаға кеңес: Балалардың қол моторикасының дамуына үйде қайшымен қағаздардан түрлі заттардың сұлбасын кияп, айшымен жұмысты көбірек пайдалану туралы кеңес беру.				
Балалардың ербесарекеті (баяуқимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойыны:  Санамақ (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)	К/О: «Күн мен түн» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын (айналындағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативтік іс-әрекет)	Д/О: «Кімге не керек» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Әр мамандық иесіне қажетті заттарды атау.	Д/О: «Бүтін» Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. (математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)	Д/О: Сиқырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. (сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативтік іс-әрекет)
Таңертеңгі жаттығу	Бір қатармен жүру. Жүру түрлері: ұшымен, қол жоғары; өкшемен қол арқасында, жартылай отырып жүру Жүгіру түрлері: бір қатармен; шашылып. Шенберге тұру. • Б.к. – н.т., доп төмен 1. Оң аяқты алдына шығару, доп жоғары. 2. Б.к. 3. Сол аяқты алдына шығару, доп жоғары. 4. Б.к. • Б.к. аяқты кең ашып тұрысы, доп кеуденің алдында 1. Оң жаққа бұрылыс. 2. Б.к. 3. Оң жаққа бұрылыс. 4. Б.к. (5-6 рет) • Б.к. аяқты кең ашып отыру доп еденде 1. Алдына еңкейю, допты қолмен тигізу. 2. Б.к. 3. Алдына еңкейю, допты қолмен тигізу. 4. Б.к. Б.к. н.т., доп алдында 1. Доп оң жақтан арқасына. 2. Б.к. 3. Доп сол жақтан арқасына (5-6 рет)				

	Б.к.-н.т., доп еденде 1-4 допты екі аяқтың арасында салу, секіру (6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру. Тыныс алу жаттығу («Паровоз») - қолдарымен кезектестіріп қимылдар жасап, бөлме ішінде жүру; мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан «Чух-чух-чух» сөздерімен бірге демді шығарады. (5-6 рет). Біртұтас тәрбие: Қараша «Әділдік пен жауапкершілік айы» Апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				
Ұйымдастырылған іс-әрекеке дайындық	ҚР Әнұранын тыңдау	Саусақ ойыны:  қайталайды. Құстар канат қағады (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)	«Гүлдер құрастыру» Мақсаты: Балаларға гүлдің бөліктерін құрастыруға үйрету. Ойын арқылы зейін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. (айналаңыздағылармен танысу, сөйлеуді дамыту-ойын, танымдық және коммуникативті іс-әрекет)	Дербес ойын «Жоғалған зат» ойыны. Ойын барысы : Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Оқушы қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.	«Адасқан цифрлар» Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. Мазмұны: Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды. (математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)
Білім беру ұйымының кестесі Бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Жануарлар қайда тұрады? Мақсаты: жануарлардың атын дұрыс айтуға үйрету Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-г, к-к, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Д/О: «Қай жануар?» Мақсаты: Жануарларды сипаттау арқылы жұмбақты шешу Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлін тап» Мақсаты: Жануарларды атай отырып дыбысталуы	1.Сауат ашу негіздері Дыбыстың сөздегі орны Мақсаты: Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру «Жалпы атауын ата» ойынын педагог ойнатады. 1. Автобус, такси, трамвай – ... (көліктер) 3. Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері) 4. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар) 77 5. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (көгөністер) «Сөз тізбек» дидактикалық ойыны Педагог қандай да бір сөзді	1.Математика негіздері Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Мақсаты: ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға жаттықтыру Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. 1-тапсырма. Әр жұлдызқұртта қанша дөңгелек бар? Сана.	1.Сөйлеуді дамыту Қысқа дайындық Мақсаты: Суреттер арқылы тақырыпқа әңгіме құрастыру Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Д/О «Суреттер сөйлейді» Мақсаты: Суреттер арқылы негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Д/О «Тосаптар мен салаттар жасаймын» Мақсаты: Қысқы азыққа	1.Қоршаған орта танысу Байланыс құралдары Мақсаты: Байланыс құралдары жайлы ақпарат беру Міндеті: Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. «Технологиялық қауіпсіздік» рөлдік ойыны Мақсаты: Балаларға әртүрлі байланыс құралдарын қауіпсіз қолдану дағдыларын дамыту. Қалай өткізуге болады:

ұқсас дауыссыз б-п, г-г, к-к, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды ажырату 2.Математика негіздері Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Мақсаты: шартты өлшеуіштің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды; ұзындығы, биіктіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға үйрету Міндеті: Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Сөздікпен жұмыс: ұзын – қысқа, ұзынырақ – қысқа, бірдей өлшем, жоғары – төмен, кең – тар немесе жуан – жіңішке. Ойын «Суретте не бейнеленген?» Мақсаты: Балаларға көгөністердің ұзындығын қалай салыстыруға болатынын айту. Балаларға үстел үстінде қандай көгөністер бар екенін анықтау 3-тапсырма. «Әр жұптағы ұзын көгөністі белгіле». Мақсаты: Көгөніс	айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді. Мысалы: бақа-алма-алмұрт-темір-рауған-шахмат-тал-лақ т.б Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 78 4. Үзік сызықтарды бастыр. 2.Қоршаған ортамен танысу Мен кезекшімін Мақсаты: Балаларды шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу Міндеті: Кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу "Тазалық марафоны" Мақсаты: Кезекші міндеттерін орындауды, тәртіпті сақтауды және бірге жұмыс істеуді үйрету. Қалай ойнауға болады: Ойын алаңында немесе бөлмеде аздаған тәртіпсіздік (ойыншықтардың шашылып жатуы, кітаптардың тәртіпсіздігі) болуы керек. Балалар кезекпен тазалық жұмысын атқарады. Бір бала тек ойыншықтарды жинап, екіншісі кітаптарды реттейді. Бұл процеске әр бала қатыса алады, кезекпен	Цифрмен сызып қос. Қай жұлдызқұрт ұзынырақ? Белгіле. «Ұзындау/ұзынырақ – қысқа/қысқалау» жаңа ұғымдарды бекіту үшін орындалады 2-тапсырма. Әр шөптің сабағында неше қанжық қонызы бар, сана және ата. Қай шөптің сабағы ұзынырақ? Балалар шөптің әр сабағындағы қоныздарды санайды, олардың санын айтады, шөптің жоғарғы сабағында 10 қоныз, ал төменгі жағында – 7-еу. 10 саны 7-ден көп. Бұл жоғарғы сабақтың ұзынырақ екенін білдіреді 2.Сауат ашу Ойнай отырып оқимыз Мақсаты: Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Міндеті: Балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; «Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға	тосаптар дайындауды, еңбек ету туралы түсініктерін кеңейту 2.Математика негіздері Мен не істей аламын? Мақсаты: 10-ға дейін санауды, заттардың қасиеттерін атауды, берілген белгі бойынша жиындар құруды, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Міндеті: Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. «Сандар қашты» ойыны. Педагог балаларды үш топқа бөледі және әр топқа 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды таратады. Карточкаларды үстелде жайып, араластырады. Балалар сан қатарын тура, одан кейін кері тәртіпте орналастырады. Топтар ойынды 2-3 минут ойнайды Ойындық жаттығуы «Цифрды жина». Пазл-цифрлар кесілген материал жиынтығымен жеке жұмыс жасай алады, әр бала 1-2 цифрлан жинайды Жұптық жұмыс: «Ретімен қой» ұзындық,	Балаларға бірнеше рөлдерді бөліп беріңіз. Мысалы, бір бала «ұялы телефонды пайдаланушы», екіншісі «интернет қолданушы», тағы бір бала «теледидар көретін адам» бола алады. Ойын барысында әр баланың рөлін дұрыс орындауын қадағаланыз. Ұялы телефонды пайдаланушы: Бұл бала телефонның дұрыс ұстап, қажет болса тек ата-анасымен сөйлеседі. Телефонға келген хабарламаларды тек ересектерге көрсету керек. Интернет қолданушы: Бұл бала ғаламторға кіруге тырысады, бірақ тек қауіпсіз сайттарды ғана ашады. Балаларға тек белгілі және сенімді сайттармен жұмыс жасау керектігін түсіндіріңіз. Теледидар көретін бала: Ол теледидарды орынды пайдаланып, ұзақ уақыт отырмауға, үзіліс жасауға үйренеді. Әр рөлді орындап болған соң, балалар өздері таңдаған «құралдар» мен олардың қауіпсіздігін қалай сақтағаны туралы сөйлеседі. 2.Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау . Біз нені үйрендік, нені
---	---	--	--	---

жұптарын карауды, әрбір жұптағы ұзын көгөністі белгілеу. 3.Қазақ тілі Салт дәстүрлер. Мақсаты: Салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу Салт-дәстүрлердің анықтамасы: Салт-дәстүрлердің маңызы мен қазақ мәдениетіндегі орны. Мысал ретінде: Наурыз, Құдалық, Бесік той, Тұсау кесер, Сүндет тойы. Салт-дәстүрлерді сипаттау: Наурыз мейрамы: жыл басы, халықтың жиналуы, ұлттық тағамдар. Тұсау кесер: баланың алғашқы қадамы, жоралғылар. **3. Ойындар (15 минут)** Ойын 1: "Салт-дәстүрлерді табу" Оқушыларға салт-дәстүрлердің атаулары жазылған карточкалар таратылады. карточкаларын көтеріп, салт-дәстүрдің қысқаша сипаттамасын айтуы керек. Ойын 2: "Салт-дәстүрлер бойынша сұрақ-жауап" Оқушылар жұптарға бөлінеді. Бір жұп салт-дәстүр туралы сұрақ қояды, екінші жұп жауап береді. Мысалы: "Наурызда қандай тағамдар	тапсырмаларды орындап. Тазалық жұмысы аяқталған соң, балалар бірге тапсырманы орындап, кімнің не жасағанын талқылайды. "Кезекші достар" Мақсаты: Кезекпен жұмыс істей отырып, балалардың бір-біріне көмек көрсетуін және жауапкершілік алууды үйрету. Қалай ойнауға болады: Балалар жұп болып бөлінеді. Әр жұпқа тапсырма беріледі (ойыншықтарды жинау, шағын тапсырмаларды орындау). Бір жұп кезекші болып, бірінші орындаған тапсырмасын айтады, екіншісі осы тапсырманы орындайды. Мысалы, бірінші бала ойыншықты жинап, екінші бала оның орнына қояды. Кезекшілік ағынын өзгертіп, тапсырманы кезекпен орындау балаларға бір-біріне көмектесуді және жауапкершілікті сезінуді үйретеді. 3.Көркем әдебиет Айтыс Мақсаты: айтыс өнеріне баулу. Міндеті:Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ пешу, айтыс өнеріне баулу. — Балалар, қандай үй	допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызша беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен 3.Көркем әдебиет Алматы метросы Мақсаты: Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп оқуға үйрету Міндеті: Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: бекет – көлік тоқтайтын аялдама зәулім – кең, үлкен, әдемі Өлең мазмұны бойынша	жуандық бойынша), балаларға түрлі түсті кесінділер жиынтығы беріледі, оларды ұзындық бойынша: ұзынынан бастап, қысқасына дейін немесе керісінше орналастыру ұсынылады. 3.Қазақ тілі Қазақтың ұлттық киімдері Мақсаты: Қазақтың киімдері мен тұрмыстық заттары туралы мәліметтерді ойын арқылы меңгерту. Міндеті:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру «Ұлттық киімдер сандығы» ойыны Мақсаты: Қазақ халқының киімдерін танып білу және олардың аттарын есте сақтау арқылы қазақ мәдениетімен танысу. Қалай өткізуге болады: Бұл ойын үшін балаларға түрлі киімдер мен аксессуарларды қамтитын үлкен қорап (сандық) дайындалады. Қорапқа қазақтың ұлттық киімдері мен олардың бөлшектерінің суреттері, немесе миниатюралық киім үлгілері қойылады. Егер бар болса, нақты киімдер мен заттарды да қолдануға болады (мысалы, қалпақ, шапанның кішірейтілген	білдік? Мақсаты: Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру. —Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау «Жалауша» дидактикалық ойыны Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны — Н дыбысынан басталатын сөздер ойландар, сөздерді шапалақпен буынға бөліңдер, қанша буын айтасындар. — Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 5. Үзік сызықтарды бастыр. 3.Шығармашылық Мотивациялық сұрақтар мен әңгіме:
--	--	--	--	--

жасалады?", "Тұсау кесерде не істеледі?"

4. Дене шынықтыру

Жеке гигиена

Мақсаты: Жеке гигиена туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Міндеті: Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту; дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну

"Жеке гигиена" туралы қысқаша әңгімелеу.

Оқушылардан жеке гигиена ережелері туралы не білетіндерін сұрау.

Жеке гигиена ережелері: Дене тазалығы: күнделікті жуыну, киім тазалығы. Қолды жуу: тамақтанар алдында, дәретханалардан кейін.

Тістерді тазалау: таңертең және кешке.

Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.

Қол орамалын пайдалану: мұрын сүрту, тер басқан кезде.

Сүлгімен сүрту: терлеу

жануарларын білесіндер? (Слайдтан көрсетеді).

– Үй жануарлары деп үйде күтім жасалатын жануарларды айтамыз.

– Бүгін үй жануарлары туралы Спандияр Көбеевтің «Айтыс» әңгімесімен танысамыз. Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз).

Сөздік жұмысы: қожайын – үй жануарларының иесі соқа – жер жыртатын құрал

Сұрақ-жауап:

– Ертегі не туралы?

Авторы кім? Қандай жануарлар айтысты?

– Спыр не делі? Ат не айтты?

– Ит не деп ырмалдады?

Қожайыны оларға не айтты?

Балалармен бірге қайталап оқу.

«Белсенді суреттер» ойыны

Балаға сурет көрсетіледі.

Берілген суреттегі жануарды қимылмен бейнелеп көрсетеді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады

4. Музыка

«Балабақша»

әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: С.Мұхамедиев. **Мақсаты:** Балаларға ән орындау

сұрақ-жауап:

– Өлең авторы кім?

Өлеңде не туралы айтылған?

– Алматы метросының неше бекеті бар? Сендер метроға мініп көрдіңдер ме?

– Метро көлігіне ұқсас рельспен жүретін тағы қандай көлік бар?

– Метро туралы не білетіңізді әңгімелеп бер.

– Метро сөзіне сөйлем құра.

Дидактикалық ойын:

«Кім байқағыш?»

(баланың есте сақтау қабілетін дамыту) Шарты: балалар көлік түрлерінің суретін есінде сақтайды. Суреттердің орнын ауыстырып қояды, балалар орындары ауысқан көліктерді атайды.

4. Дене шынықтыру

Секіру

Мақсаты: Секіру

дағдыларын қалыптастыру

Міндеті: Алға

айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметрдей биіктікті

нұсқалары, белбеу).

Балалар кезекпен шығып, қораптан бір затты тандайды. Тандаған заттарының қазақтың ұлттық киіміне қатысты екенін айту керек. Мысалы: «Бұл қалпақ — оны казактар басына киеді!» «Бұл шапан — оны қыста киеді, жылы әрі әдемі!»

4. Музыка

«Балабақша» әні: Ә.Бейсеуов, сөзі: С.Мұхамедиев

Мақсаты: Балаларға ән

орындау арқылы

музыкалық дағдыларды

дамытумен қатар, олардың

шығармашылық қабілеттерін арттыру

Міндеті: Таныс әндерді өз

бетінше музыкалық

сүйемелдеумен және

сүйемелдеусіз орындайды

□ **Танымдық аспаптар:**

Балаларға әртүрлі

музыкалық аспаптар

туралы айту, олардың

дыбыстарын таныту және

оларды дұрыс пайдалануды

үйрету.

□ **Ән мәтінін талқылау:**

Әннің сөздеріне назар

аударып, оларды

балалармен бірге талқылап,

балабақша туралы сұрақтар

қойыңыз: «Қандай

ойындар ойнаймыз?»

«Балабақшада не

істейміз?» және т.б.

«Балалар, бүгін біз өте қызықты және ерекше құс - үкі туралы сөйлесеміз! Үкінің қандай құс екенін білесіздер ме?»

«Үкінің қандай ерекшеліктері бар? Ол қайда тұрады?»

«Үкінің көзі үлкен, ол түнде жақсы көреді. Оның қанаттары өте кең!»

«Үкі орманда немесе

орман шетінде өмір сүреді.

Ол орманның патшасы

сияқты, өйткені ол өте

айлакер және ұйымдастыр

түнде аң аулайды.»

Сурет салу: Орман

құсы (Үкі) Бояумен

сурет салу кезінде

кылқаламды бояуға

батыру, қағазға жуан

сызықтарды сыздарда

кылқаламды көлденең, ал

жінішке сызықтар мен

нүктелерді сызу үшін

тігінен ұстап, суреттерді

бояғанда бір бағытта

солдан оңға қарай,

оларды дұрыс пайдалануды

үйрету.

□ **Ән мәтінін талқылау:**

Әннің сөздеріне назар

аударып, оларды

балалармен бірге талқылап,

балабақша туралы сұрақтар

қойыңыз: «Қандай

ойындар ойнаймыз?»

«Балабақшада не

істейміз?» және т.б.

«Балалар, бүгін біз өте қызықты және ерекше құс - үкі туралы сөйлесеміз! Үкінің қандай құс екенін білесіздер ме?»

«Үкінің көзі үлкен, ол түнде жақсы көреді. Оның қанаттары өте кең!»

«Үкі орманда немесе

орман шетінде өмір сүреді.

Ол орманның патшасы

сияқты, өйткені ол өте

айлакер және ұйымдастыр

түнде аң аулайды.»

Сурет салу: Орман

құсы (Үкі) Бояумен

сурет салу кезінде

кылқаламды бояуға

батыру, қағазға жуан

сызықтарды сыздарда

кылқаламды көлденең, ал

жінішке сызықтар мен

нүктелерді сызу үшін

тігінен ұстап, суреттерді

бояғанда бір бағытта

солдан оңға қарай,

оларды дұрыс пайдалануды

үйрету.

□ **Ән мәтінін талқылау:**

Әннің сөздеріне назар

аударып, оларды

балалармен бірге талқылап,

	кезінде. **Ойын 1: "Гигиена станциялары"*** Оқушыларды бірнеше топқа бөліңіз. Әр топқа гигиена ережелерін орындау үшін станцияларды дайынданыз. Мысалы: Станция 1: "Қол жуу" (суды жұмсап, сабынмен қол жуу). Станция 2: "Тіс тазалау" (пластикалық щеткамен тістің моделін тазалау). Станция 3: "Ауызды шаю" (суға бірнеше тамшы ас содасын қосу, ауызды шаю). Оқушылар әр станцияда 2 минут өткізеді, сосын келесі станцияға өтеді. **Ойын 2: "Гигиена кроссворды"*** Оқушыларға гигиена ережелеріне қатысты кроссворд немесе сөзжұмбақ дайынданыз. Оқушылар кроссвордты шешу барысында гигиена ережелерін еске түсіріп, талқылайды.	арқылы музыкалық дағдыларды дамытумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру Міндеті:Таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды; «Музыкалық сүйемелдеу» ойыны Мақсаты: Балаларға музыкалық сүйемелдеу арқылы әнді бірге орындауға мүмкіндік беру, ритм мен әуенді дұрыс қабылдауды дамыту «Әнмен көңіл-күй» ойыны Мақсаты: Балаларды музыкалық тыңдау, әннің эмоционалдық реңктерін түсіну және өз бетінше орындауға баулу. Қалай өткізуге болады: Балаларға «Балабақша» әнінің мәтіні мен әуенін таныстырыңыз. Әннің сөздері балаларға таныс болар, бірақ әуен мен ырғағын тыңдап, сезінуі қажет.	кке секіру Алға айналып секіру: Оқушылар алға қарай секіру барысында айналуларын орындау 2. Ұзын және қысқа секіргіштен секіру: Ұзын және қысқа секіргіштер секіру, әр бала кезекпен тәжірибе жасап көрінеді. Ойын 1: "Секіргіштер жарысы" Оқушылар екі командаға бөлінеді. Әр команда секіргішпен 10 метрге дейін секіру жарысын өткізеді. Ойын 2: "Секіріп өт" Оқушылар арқан немесе сызық бойымен секіріп өтіп, әр түрлі формада (бұрыш, шеңбер) жүреді. Ойын барысында әр бала өз тәсілдерін көрсетеді.	бастаманы қолдау. Мүсіндеу: Орман құсы(Үкі) Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану Жапсыру: Орман құсы(Үкі) Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. 4.Дене шынықтыру. Секіру Мақсаты:ұзындыққа, биіктікке секіруді үйрету Міндеті:Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметрдейінгі биіктікте кекі секіру. «Секіру арқылы кедергілерді еңсеру» ойыны Мақсаты: Секіру арқылы балалардың ептілігін және денесін дұрыс бақылауды үйрету. Қалай өткізуге болады: Балаларға әр түрлі биіктіктегі (20 см) кедергілер қойып, оларды
--	---	---	--	---

					секіріп өтуге тапсырма беріңіз. Әр баланың кезегімен кедергілерді еңсеруін бақылап, оларды қадам бойынша секіруге баулыңыз (мысалы: «Алдымен сол аяғымен, сосын оң аяғымен секір!»). Балалар кедергілерден секіріп өту арқылы шапшаңдық пен ептілікті жақсартады. «Биіктіктен секіру» ойыны Мақсаты: Биіктіктен секіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және сенімділігін арттыру. Қалай өткізуге болады: Биіктіктікке секіруді үйрету үшін балабақшада немесе алаңда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, 20 см биіктіктен секіруге мүмкіндік беріңіз (мұны жұмсақ алаңда немесе қалың кілемнің үстінде жасауға болады).
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. (Өзіне-өзі қызмет көрсету) • «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадynamалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу «Сусыз өмір жоқ» тақырыбында әңгімелесу				
Серуен	Серуен №6 Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру;	Серуен №7 Жаяу адамдарды бақылау Мақсаты: <i>жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар</i>	Серуен №8 Итті бақылау Мақсаты: Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда	Серуен №9 Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі судың жай – күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру.	№7 САБАҚ. «МЕН АДАСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС» Ұзақтығы: 25-30 минут Топ/сынып: мектепалды топ/сынып (5 жастағы балалар)

Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Ж. Смақов Шыр, шыр еткен торғайды Таспен атып торғайды Қорғамаса болмайды Ұя бұзған ойбайды. Кіп-кішкене торғайлар Құс өкпелеп кетеді Ағаштарды қорғайды Ауламызға қонбайды. Балалармен әңгімелесу. Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) Біз жакта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді) Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді	<i>жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.</i> Бақылау барысы Көркем сөз Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көңуін керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сак болындар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. ♦Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен, өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.	көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Ей, адамдар, адамдар! Айналаға қараңдар, Зардап шегіп жатпасың, Аш үйінің қақпасың, Жануарлар қорғансыз, Далада қалып қоймасың. Балаларға сұрақтар. Иттің тұратын орны қалай аталады? Иттің сүйікті тамағы не? Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер? Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды? Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвейлер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиянды. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін	Бақылау барысы. Балаларға сұрақтар. *Судың қандай қасиеттерін білесіңдер? *Судың көлемі (қалпы) бола ма? *Өзеннің көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме? *Суды аязға шығарса не болады? Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсан сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып катады. Зерттеу жұмысы. Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады. Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою. Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды адасып кеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету. Міндеттері: Балаларды адасып кеткен жағдайда көмектесетін бес негізгі кеңеспен таныстыру. Адасып кеткен жағдайда қай жерде қалудың маңыздылығын түсіндіру. Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту. Материалдар мен ресурстар: әртүрлі жағдайлар, қабылдануы тиіс әрекеттер бейнеленген карточкалар. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Балаларды қарсылу Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру: 1-кеңес. Орнында қал. Егер адасып кетсең, ең бастысы – орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. 2-кеңес. «Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият кара. 3-кеңес. Егер телефон болса, ата-анана қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналандағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкенің телефон
--	---	---	--	---

өңгімелеп берейік. Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды) Еңбек Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру</i> Қ/О: «Бір, екі, үш-жүкір!» <i>Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу.</i> Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір». Мақсаты: Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; Затты көздеген нысанға түсіруге жаттықтыру.	♦Жаяулардың тек осы жерден өтуі керекін сендер қайдан білдіңдер? - Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған. Еңбек Гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; Түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау. <i>Мақсаты: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.</i> Қ/О: «Бағдаршам». <i>Мақсаты: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту</i> - ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: затты қауіпсіздікке дақтыру дағдыларын дамыту.</i>	еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды. Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішпер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертоледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамандар, оларға қамқор болындар! Еңбек. Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап кофкасына апару. <i>Мақсаты.</i> Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету. Қ/О: «Біз көңілді балалармыз». <i>Мақсаты:</i> Ойын шартын сақтап ойнауға баулу. ♪ Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> *Затты көлденең бағытта дақтыру тәсілін меңгерту; *Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.	алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ылдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз ериді де су болады). -Үлкен және кіші ылдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау. -Ылдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау. Еңбек: Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. <i>Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.</i> Қ/О: «Қасқыр қақпан» <i>Мақсаты:</i> -Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; -Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Еңбектеу. <i>Мақсаты:</i> -Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту;	нөмірін білмесең, біреуден полицияға қонырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткенінді айт. 4-кеңес. Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір. Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткенінді айтып, көмек сұра. 5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орнында қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсету. Ережелерді қайталау; Балалармен адасып кеткен жағдайда қолданылатын бес қарапайым кеңесті қайталау.
--	--	---	--	--

			Тыйым сөз: <i>Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйірледі.</i>	-Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.	
Серуенне оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалардың ербесәрекеті (баяуқимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып аландағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдыққа үйрету іске асырылады. Яғни, танертенгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғакты қимыл – қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.	(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Ақшамшық (сакина салу) – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сакина салу, сакина тастау деп те айтады. Ойынға он – он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сакина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сакинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сакина салған болып шығысымен, «Тұр сакинам, тұр», – деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сакина тасталған адам орнынан атып	(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын Түйілген орамал. Тәрбиеші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал тәрбиеші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады, ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады	(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын) Соқыр теке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады. Балалар: Бота, бұзау, козы, лақ. Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ. Мені ізден тап-тап. Деп таклақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.	(Біртұтас тәрбие) Ұлттық ойын «Шертпек» ойыны Максаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық ойындарды жаңғыртып бала бойына сіңдіріп, достыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шерту әлісін үйрету, қол бұлшық еттерін дамыту.

		тұруға тиісті, «Сақина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.			
Балалармен жеке жұмыс	Арнұр Қаламды дұрыс ұсауға үйрету	Айлин Сөздердегі дыбыстарды дұрыс анықтауға үйрету	Ернар пішіндер мен сандарды қайталау	Арнұр түстерді қайталау	Әлім өткен ертегі туралы әңгімелесу
Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.: <i>Ата –аналарға кеңес</i> Балалардың ұялы телефонға деген қызығушылығын төмендету туралы (Біртұтас тәрбие.Экологиялық тәрбие беру)				